

4. Базарғалиев Ғ.Б. Халел Досмухамбетовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары: автореф....п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін.13.00.01. - Атырау, 2002. - 26.

5. Қалиев Ж.Н. Ұлы Даланың патриот ұл-қыздары!. Мұғалімдерге және ата-аналарға арналған көмекші құрал. – Астана, 2005. - 35 б.

Садыкова А. Е., аға оқытушы
ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды
Садыков К.И., м.ғ.д.профессор
Біраяқ Ж.Б., п.ғ.м. оқытушы
Утебаев А.Д., магистрант
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘСКЕРИ СПОРТТЫҚ КЛУБТЫҢ АЛАТЫН ОРЫНЫ

Аннотация: Жалпы білім беретін орта мектептермен жоғарғы оқу орындарында жастарды патриотизм – отансүйгіштік тәрбиелеуде әскери спорттық клубтын алатын орынымен, қазіргі жаһандану заманында діни экстремизм немесе басқадай қоғамға жат келенсіз жағдайларға жасөспірімдердің бой алдырмауы үшін арнайы ұйымдастырылған қолданбалы әскери спорт түрлерінен өткізетін сайыстары және білікті мамандармен тұлғатанушылардың қатынасуымен ерлік пен патриотизм жайында өткізілетін дөңгелек үстел, ерлік сабақтары немесе пікір алмастыруылардың алатын орыны сипатталған.

Кілт сөздер: Патриотизм, отансүйгіштік, әскери спорттық клуб, жасөспірімдер, оқушылар мен студенттер, дөңгелек үстелдер, әскери – патриоттық тәрбие.

*Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдында қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезіммен жігерленіп, өзіңді саналы түрде қауіп – қатерге бас тізуге мәжбүр етудің нәтижесі.
Бауыржан Момышұлы.*

Sadykova A. E., senior teacher
Karaganda Academy named after B. Beisenov of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Karaganda
Sadykov K.I., doctor of medical sciences, professor
Birayak J.B., master of pedagogical sciences, teacher
Utebaev A.D., graduate student
Karaganda Buketov University, Karaganda

THE PLACE OF THE MILITARY SPORTS CLUB IN EDUCATING YOUNG PEOPLE TO PATRIOTISM

Annotation: The role of the military sports club in educating young people in patriotism and patriotism in general secondary schools and higher educational institutions, the competition of applied military sports specially organized to prevent teenagers from succumbing to religious extremism or other anti-social situations in the modern era of globalization, and the interaction of qualified specialists and personality scientists. and the role of the round table, courage lessons or exchange of opinions held on patriotism is described.

Key words: patriotism, patriotism, military sports club, teenagers, pupils and students, round tables, military-patriotic education.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге

кабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген [1].

Геосаяси жағдайлардың шиленісін тұрған жаһандану заманында, жастарды патриотизмге тәрбиелеуді бірінші кезекке қойып жан – жақты қамтудың алатын орны ерекше болмақ. Осыған орай, бүгінгі күні барлық білім беру жүйесінің басты мақсатымен алдына қоятын міндеті – жаңа қалыптасып келе жатқан жас жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуын, оның кәсіби патриот маман болып жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау. Сонымен қатар ең басты мәселе ана тілін, ұлттық салт - дәстүрлерді санасына сіңірін бойында сақтаумен салауатты өмір салтын ұстанып денсаулығын нығайту. Жоғарыда айтылған қасиеттермен дағдыны бойына терең ұялатқан жағдайда ғана, Отан қорғауға дайын болу секілді құндылықтарын іске асыру және қазіргі заманауи қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде саяси жағдайларды еркін бағдарлай білетін, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға болады деп нық сеніммен айта аламыз. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп босқа айтпаған болар. Сондықтан жасөспірімдермен жастарға білім беретін жалпы білім оқу орындарымен, мекемелерінде бекітілген оқу жоспарымен сабақ кестесінен тыс жүргізілетін отансүйгіштік бағыттағы патриоттық іс – шаралармен жұмыстардың бүгінгі күн талабына қажеттілігі өте жоғары. Көршілес мемлекеттерде болып жатқан әскери қақтығыс - соғыстар және діни экстремизм немесе басқадай қоғамға жат келеңсіз жағдайларға жасөспірімдердің бой алдырмауы үшін арнайы ұйымдастырылған әскери – спорттық клубтардың жүргізетін қолданбалы әскери спорт түрлерінен өткізетін сайыстары және білікті мамандармен тұлғатанушылардың қатынасуымен ерлік пен патриотизм жайында өткізілетін дөңгелек үстел - сұхпаттары немесе пікір алмастыруылардың алатын орыны ерекше болмақ.

Жасөспірімдер бойында шынайы патриотизм қалыптастыру - жеке тұлғаның нық қоғамдақ - саяси тұрғыда өзін-өзі нақты айқындауы деген сөз бен ұғымды білдіреді деп айта аламыз. Оны мемлекет туына, елтаңбасына, әнұранына құрметпен қарауға, үкіметті қадыр тұтуға жан - ұямен мектеп қабырғасынан тәрбиелеуден бастау керек екендігіне ешқандай күмән жоқ екендігі белгілі. Әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан, тіпті мектепке дейін оңы мен солын тани бастаған өзінің жан - ұясынан бастап «Қазақстан- менің Отаным, ол мен үшін жауапты болған сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген ұғымды бойына сіңірін өсуі керек. Қазақ халқының отансүйгіштігімен ұлтжандылығы ертеден яғни бала күннен бастап қалыптасқан дәстүр деп толық сеніммен айтуға болады.

Оған халқымыздың тарихта қалдырған қайталанбас ерлік істерімен мақал-мәтелдері дәлел:

«Ел болам десең бесігіңді түзе»,

«Елінді сүйсең ерлік істейсің»;

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды»,

«Ерлік- елдің қасиеті, жүректілік- жігіттің қасиеті»,

«Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу-сатқындық»,

«Ерлік - тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады»,

«Туған жерге туынды тік»,

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

«Именін жүрін көрген игіліктен-қарсыласып жүрін көрген бейнет артық», - деген сияқты нақыл сөздерді атамыз қазақ босқа айтпаған болар. Ертеден «Отанды сүю отбасынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз. Сонымен қатар ұл-қызының санасына «Ер намысы-ел намысы», «Арың үшін алысу азаматтық» деген инаббаты сөздерді сіңірін отырған [2]. Әскери спорттық клубтардың жүргізетін отансүйгіштік іс – шараларында, патриоттық тәрбиеге жоғары талап қоя білген қазақтың біртуар қаһарман қолбасшысы, саяси – қайраткер жазушы - ғалым Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін, ерлік істерін насихаттап, батыр ата бейнесі арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, ерлік жайлы шығармаларын оқыту –

студенттермен оқушылар бойына жігерлік пен батылдық, тәртіптілік қасиеттерін ұялатары анық, себебі жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде оның мұрасы өз алдына бір төбе сарқылмас қазына десек артық айтпаған болар едік. [3].

Сондықтан кәзіргі таңда патриотизм іс – шаралары бойынша мектеп ұстаздарымен жоғарғы оқу орындары оқытушыларының арнайы әскери – спорттық клубтар ұйымдастырып, олардың атқарылатын жұмыстары ауқымы ұшаң – теңіз деп айтуға болады. Өз Отанының патриоты болу - бұл Қазақстанды жерім, елім деп өз жүрегі мен санасына шынайы уялату. Ұлтына қарамастан барлық Қазақстандық жастарға өзі туылған жерлерін ерекше құрметпен мақтан тұту қажеттігін тереңінен түсіндіре отырып, ой-өрісін кеңейтін, сана-сезімдерін Отанды сүю, халқымыздың игі дәстүрлері мен жерін, елін қорғаған кемеңгер батырларын құрметтеу мен мақтан тұту рухында тәрбиелеуіміз керек. Ал бұл көкейкестілігі жоғары мәселе кәзіргі геосаяси жағдайлардың шиленіскен кезінде өте қажет және арнайы клубтардың ұйымдастырған патриоттық іс – шаралары нәтижесінде оң шешімін табары сөзсіз. Сонымен қатар Отан қорғауға дайын болу секілді құндылықтарын іске асыру және кәзіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады және бұның барлығы сабақтан тыс өкізілетін патриоттық іс – шараларда шындылып жастар бойына сіңірілуі қажет.

Жоспарлы кестедегі сабақтан тыс өткізілетін қолданбалы әскери спорттық жарыстармен дөңгелек үстелдар, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде аса маңызды болып табылады, оның ішінде әскери клубтардың өткізетін іс-шараларының орыны ерекше екенін атап көрсетуге болады. Себебі жасөспірімдер патриоттық тәрбие тақырыбында туындаған ой-пікірлері және түйген қорытындыларын шынайы ашық, емін-еркін түрде жеткізуге толық мүмкіндік алады. Еліміздің өткенімен жарқын болашағына терең ой жүгіртін, отансүйгіштікке тәрбиелеу жолындағы заман талабына сай салиқалы ой-пікірлерін ашып айта алады. Мәселен қаламыздағы әскери-спорттық клубтар тек қолданбалы спорт түрінен сайыстар ғана өткізіп қоймай, сабақтан тыс уақыттарда Қарағанды обылысы Ауғаныстан соғысы ардагерлері мен мүгедектер одағының «Ардагер» ұйымы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрметті ардагері, Кеңес Одағы «Қызыл жұлдыз» ордені және Қазақстан Республикасы «Құрмет» орденінің кавалері «Второй мусульманский», «Жартасты жастанған жасак» кітәптарының авторы, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы Қорғаныс Мнистрлігінің Әскери Техникалық мектебінің жетекшісі, полковник Жантасов Амангельды және «Тәжікстан, Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың Республикалық қоғамдық бірлестігі» ұйымы мүшелерімен кездесулермен ерлік сабақтары өтілуі барысында бейбіт еліміздің сақшылары - шекарашылары ерлік істері жөнінде айтылып және сондай-ақ пікір алмасу сайыстарында «Әрбір азаматтың өз Отанын қорғауға міндетті екенін, жасы 18-ге толған жастардың Отан алдында қызмет жасауы заңдылық екені жан – жақта түсіндіріліп айтылған болар еді. «Жас Сұңқар» әскери спорттық клубының өткен жылдың 12 қазан айында «Тәжікстан, Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасы Испаев Талғаттың қатынасуымен ұйымдастырылып өткізілген «Ер ерлігі – Ел есінде» атты дөңгелек үстелде еліміз егемендігін алған 31 – жыл ішінде, Қазақстан Қарулы күштерінің әскери конфликтердегі бітімгерлік миссиялар мен еліргесі шекараның бір тұтастығын қорғау барысында жасаған ерліктеріне жан-жақты тоқталып ой бөлісті. Дөңгелек үстелге қатынасушы оқушылар мен студент жастар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, кәзіргі жаһандану заманындағы өзектілігі жоғары отансүйгіштік мәселелерге кеңінен тоқталып ат салыса қатынасты.

Сонымен қатар пікір таластыру барысында студенттер мен оқушылар әскери міндетін өтеп жүрген ағалары немесе туыстарының әскери қызмет ерекшеліктеріне тоқталып, әскери тәртіп жөнінде сұрақтар қойып тыңғылықты мағлұматтар алуы, өзекті әңгімелер өткізудің

маңызы ерекше, себебі дөңгелек үстел барысындағы сұхбаттасуда олардың нақтылы ерлік істерінен дәлел келтіруге болады.

Әрине заман талабына сай қазіргі таңда мемлекет бірінші орында жастармен патриоттық бағытта жұмыс атқарудың аса маңызды екендігін атап көрсетуде және Үкімет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында да, бұл маңызды мәселе үнемі айрықша аталып отырылады. Жас жеткіншек ұрпаққа отансүйгіштік әскери-патриоттық тәрбиелеудің беретін орны ерекше екендігі қай заманда болмасын белгілі, себебі адамзат алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғасытратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу және бұл ұстаздардың басты борышы мен міндеттерінің біріден бір бірегейі болып қала бермек.

Ұлы қазақ халқының өткенімен, бүгінгі тарихына көз жіберетін болсақ, отан сүйгіштіктік - патриотизмнің керемет нақты үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ, ерлігінің арқасы деп нық сеніммен айтады, мақтанады аламыз.

Сондықтан сабақтан тыс, әскери спорттық клубтар жүргізетін жұмыстарда ел қорғайтын ер азаматтар тәрбиелеуде халықтың дәстүрлік тәрбиесін қазіргі әскери тәрбие саласына терең енгізін, қазақ батырларының ерлік істеріне баса назар аударсақ Отанды сүю, яғни әскери патриоттық тәрбиеге орасан зор өз үлесін қосары даусыз.

2011 жылы 29 қыркүйек айында академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі шешімі бойынша «Бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс» кафедрасы жанында ашылып құрылған он екі жылдық тарихы бар «Жас Сұңқар» әскери-спорттық клубы сол уақыттан бері жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде 3 бағытта: әскери-патриоттық тәрбие, спорттық жарыстар ұйымдастыру және бұқаралық-көпшілік спорттық жұмыстар бойынша жұмыс атқаруда.

Оқу жылының басында университет ректорымен бекітілетін жоспар бойынша, өткізілетін әскери-патриоттық және әскери-спорттық іс - шаралар тек университет студенттерін қамтып қана қоймай, Қарағанды қаласының жалпы білім беру мектептері, лицей және гимназияларның жоғарғы сынып оқушыларымен де көптеген әскери патриоттық бағыттағы іс-шаралар өткізіледі. Токтала кетсек, дәстүрлі жоғарғы сынып оқушылары арасында өтетін алғашқы әскери және технолологиялық дайындық пәні бойынша қалалық олимпиада, әскери эстафета және тағы басқа әскери-спорттық жарыстар ұйымдастырылып өткізіледі. Аталмыш әскери патриоттық клуб көлемінде өткізілетін отансүйгіштік тұрғыдағы іс-шараларға мектеп оқушыларының қызығушылығы артып жылдан-жылға ат салысып катысады [4].

Жоғарыда айтылғандай біздің мақсатымыз - сыныптан тыс «әскери-спорттық» клубтардың өткізетін әскери қолданбалы ойындар түрлерін кеңінен жетілдіру арқылы болашақ өркениетті қоғамның ерікті өз ойынан қорғай алатын ой еңбегі мен дене дайындығы бірдей, күшіне ақылы сай саналы ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу.

Зеріттеуші ғалым А.Бектұровтың пікірі бойынша отансүйгіштік түсінігін төмендегідей бағыттар бойынша айыруға болады:

- отансүйгіштік белсенді әлеуметтік қызметтен, туған елдің гүлденуі мақстындағы іс-қимыл мен әрекеттерден көрінеді;

- отансүйгіштік жеке адамда балалық жастың өзінде ,жоғары сезімдердің бірі есебіндепайда болып қалыптасады және өмірдің әлеуметтік, рухани-адамгершілік саласында кейіннен толысып дамиды;

- отансүйгіштік, әлеуметтік құбылыс есебінде қоғамдық өмірдің мәні ғана емес, сондай ақ оның өмір сүрін, дамуында көрсетеді, тіршілік ету қабылеттілігінің, ал кейде қоғамның өмір сүруінің белгісі болып табылады.

- отансүйгіштіктің негізгі нысаны (субъектісі) Отанға өзінің тарихи, мәдени, ұлттық, рухани тұрғыда және өзгеде қатыстылығын саналы түрде түсінетін жеке адам болып табылады;

- нағыз отансүйгіштік оның руханилығынан тұрады. Отансүйгіштік асқақ сезім есебінде – таптырмайтын құндылық пен сарқылмайтын бұлақ, әлеуметтік мәнді іс-әрекеттің негізгі себебі және рухани- адами және мәдени дамудың жоғары деңгейіне жеткен жеке тұлғада, әлеуметтік топта толықтай көрініс береді [5].

Өкінішке орай, соңғы уақыттарда жалған отаншылдықтың түрлері кеңінен тарауда. Мәселен: «Мен үшін не жақсы – мемлекет үшін сол жақсы болмақ» немесе «Маған өмір сүру қай жерде жақсы болса, сол жер менің елім» секілді отаншылдықтан бас тартуды уағыздайтын, мемлекеттік және ұлттық егемендікті жоққа шығаратын идеологиялар белең алуда. Жалған отансүйгіштіктің ең кесірлі түрі – өзінің шын берілген мақсаттары мен мүдделері үшін отансүйгіштікті саудаға салу, ұлтшылдық, шовинизм және фашизмге әкеп соғады. Өкінішке орай жасөспірімдерді әскери патриоттық рухта тәрбиелеу орта буын оқушыларын әскери бағытта даярлаудың ажырамас бөлігі бола қойған жоқ. Қазіргі уақытта әскери қорғаныс департаменттерінің басым көпшілігі өздерінің маусымдық әскер қатарына шақыру сияқты ішікі мәселелерін шешуге тырысады. Ал жасөспірімдердің мектеп қабырғасындағы әскерге дейінгі тәрбиесі әліде толық қанды, жан – жақты қамтылды деп нық сеніммен айта алмаймыз, себебі кейбір өзекті мәселелер назардан тыс қалуда. Оған дәлел өкінішке орай кәзіргі жағдайда орын алып жатқан қарулы күштер қатарында қызмет етуден жалтару және әскерден қашу жағдайларына тап болудамыз. Кәзіргі геосаяси жағдайда бұл көріністер бірқатар жағымсыз фактілерге әкеп соғады деген пікірдеміз.

1) жалпы білім беретін оқу орындарында жасөспірімдерді жүйелі түрде Отан қорғауға дайындау жұмыстарының жүргізілмеуі, сабақтан тыс өткізілетін патриоттық іс – шаралардың оқушыларды толық қамтымауы нәтижесінде қарулы күштер қатарына шақырылған жастардың әскер қатарына барудан жалтаруының жиелеуі;

2) қарулы күштер қатарына Отан қорғау қызметіне шақырылатын жастарды әскери қызметке психологиялық және физикалық дене дайындығы жетілуімен шынығуы көрсеткіштері бойынша айтарлықтай төмендеуі.

Бұл мәселелер бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде (әскери клубтарда) заманауи талаптарға сай педагогикалық-психологиялық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, жоғарғы сынып оқушыларына сабақтан тыс әскери патриоттық тәрбие беру қажет екендігін дәлелдей түскен сияқты.

Жастарға әскери- патриоттық тәрбие беру - еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді Отан қорғау міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани-психологиялық қасиеттерді қалыптастырудың құралы болып табылады. Әскери спорттық клубтардың жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі басты мақсатымен міндеттері оқушыларға патриоттық парыздың терең түсінігін ұғындырып, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту, Қазақстан халықтарының достығын сақтау міндеттерін шешуге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

Әскери спорттық клубтың қолданбалы спорт түрлерінен өткізетін әскери-спорттық жарыстары мен патриоттық тәрбие беру бағытында жүргізілетін дөңгелек үстелдер, Ұлы Отан соғысы және Ауғанстан соғысы ардагерлерімен кездесу, ерлік сабақтары, сондай-ақ ашық кураторлық сағаттар мамандық және университет студенттерінің талпыныс ізденістерімен ұштасып жатыр. Онлайн форматта өтілетін дөңгелек үстелдер, пікір таластар және тұлғатанушылармен Ауғаныстың соғысы ардагерлерімен кездесулерге көптеген Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары студенттерімен барлық қала мектептері оқушыларын ат салыса қатынастыру мүмкіндігі бар. Өткен жылдың 13 желтоқсан айында өткізілген онлайн – форматтаға Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 31 жылдық мерей тойына арналған «Қарулы Күштер – Ел тірегі» атты Республикалық дөңгелек үстелге еліміздің он бір жоғарғы оқу орындары студенттерімен Қарағанды қаласының жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары аса қызығушылықпен ат салыса қатынасты. аталған Аталмыш дөңгелек үстелде баяндама жасаған ақын, аудармашы әдебиетші және тұлға танушы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқытушысы Қалшабек Абай Батырұлы қазіргі таңда көкейкестілігі жоғары жастарды отансүйгіштікке тірбиелеу тақырыптарындағы

сұрақтар бойынша ой қозғап, Бауыржан Момышұлы атамыздың бұрын көп айтылмаған ғалым – зеріттеушілік қырлырына кеінен тоқталып өз пікірлерін білдірді.

Дөңгелек үстел қортындысы бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша көкейкестілігі жоғары шешімдер қабылданды.

«Жас Сұңқар» әскери спорттық клубы мүшелері және Бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедра профессор құрамының ұйымдастыруымен мерекелік күндерге байланысты «Қазақ батырлары», «Желтоқсан оқиғасы», Ауған соғыс ардагерлерімен кездесулер, Бауыржан Момышұлының туылған күніне орай студенттер арасында әскери патриоттық бағытта ұйымдастырылған «Ерлік сабақтары», «Әскер-әліміз, армия-абыройымыз!» атты тәрбие сағаттары тақырыбына ашық тәрбие сағаттары өткізіледі. Жоспарға сәйкес футбол, волейбол спорт ойындары ұйымдастырылады.

Әскери колданбалы спорт түрлерінен эстафеталық жарыстар өткізу арқылы студент жастардың әскери істі меңгерулері, әскери іске машықтануы және дене дайындығы анықталады. Осы жарыстардың нәтижесінде пәндік олимпиадаға студенттер іріктеледі. «Ұлттық ойын» түрлерінен жарыс, әскери-патриоттық және жаппай қорғаныс жұмысы айлығы (Патриот акциясы) Баяндамалар: Қол сайыстан көрсетілімдер, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне арналған «Саптық ән» байқауы өткізіледі.

Жасөспірімдерді Отансүйгіштікке тәрбиелеудегі нысаналы дамыту арқылы студент жастардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, қазіргі заманғы сауатты, бәсекеге қабілетті, өз елінің шынайы патриоттарын тәрбиелеу мен оқыту біздердің-бастапқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндері мұғалімдерінің өзекті және негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қашанда балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу - мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - болып қалабереді десекте, патриоттық іс – шаралар сабақтан тыс уақытта әскери патриоттық клубтармен ұйымдастырылып өткізілсе өз жемісімен және нәтижесін берген болар еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жана сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарыту қажет [6].

Отансүйгіштікке тәрбиелеудегі нысананы дамыту арқылы оқушылармен студент жастардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, қазіргі заманғы сауатты, бәсекеге қабілетті, өз елінің шынайы патриоттарын тәрбиелеу мен оқыту біздердің-бастапқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндері мұғалімдерінің басты міндеті болып табылады. Әскери патриоттық клубтар қала маңында орналасқан әскери бөлімшелермен орта білім беру мекемелеріндегі жас сарбаз сыныптарымен тығыз шығармашылық байланыс орнатып, заман талабына сай көкейкесті отансүйгіштік мәселер бойынша бірлескен іс – шаралар атқаратын болса нұр үстіне нұр болған болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана: 09.12.2020ж.

2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы:1995.-135б.
3. Ә.Нұршайықов «Бауыржан Момышұлы», Алматы - Кітап баспасы 1999ж.
4. Садықов К.И., Кожамжаров Е.Ж. «Спорт. Жастар. Тәрбие». Аймақтық ғылыми- тәжірбиелік конференцияның материалдары. - 23 қараша 2018ж. - 128-131ББ.
5. Бектуров А.К. «Идеология патриотизма-мысль», 1999. - 12-14-с.
6. Садықов К.И., Садыкова А.Е., Саликов Ж.К «Дене шынықтыру және спорт саласындағы дәстүрлер мен инновациялар». Республикалық ғылыми - тәжірбиелік конференцияның (халықаралық қатысумен) материалдары. - 10 қазан 2019ж. - 170-174ББ.

Сармантаев А.С., п.ғ.м., аға оқытушы
Ишанов П.З., п.ғ.к., PhD, профессор
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды
Сүлейменов А.М., дене шынықтыру мұғалімі
Абай Құнанбайұлы атындағы 87 мектеп гимназиясы, Қарағанды
Сутемгенов Ж.Б., дене шынықтыру оқытушысы
Ж.К.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжі, Қарағанды

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ҰЛТТЫҚ-ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Аннотация: Мақала мазмұнында авторлар мектептегі денешынықтыру сабағы оқушылардың денсаулығын дұрыс қалыптастыру мен салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейтіндігін негіздеп, оқушының дара қабілеттерін айқындауға, өздігінен жетілуіне ықпал етуге бағытталған, оның тән мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушы бағыттағы дене жаттығуларымен қаруландыру – бұның бәрі мектепте дене тәрбиесі пәнін оқытудың басты мақсаты екендігін айқындап, оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұнын талдаған.

Кілт сөздер: білім беру, бастауыш мектеп, оқушы, оқытушы, танымдық белсенділік, ұлттық-қозғалмалы ойындар, қалыптастыру, оқу-тәрбие үдерісі, әдіс-тәсілдер, мазмұн.

Sarmantaev A.S., master of pedagogical sciences, Senior Lecturer
Ishanov P.Z., PhD doctor, professor
Karaganda Buketov University
Suleymenov A.M., physical education teacher
87th school gymnasium named after Abay Kunanbayuly
Sutemgenov Zh.B., physical education teacher
Karaganda banking college named after Zh. K. Bukenov, Karaganda

Annotation: In the content of the article, the authors justify the fact that the school physical education lesson educates students to maintain a healthy lifestyle and health, is aimed at determining the student's individual abilities, contributing to his self-improvement, forming his physical culture, arming him with general developmental physical exercises - all this is the main goal of teaching the subject of physical education at school. and analyzed the content of formation of students' cognitive activities through national-moving games.

Keywords: education, primary school, student, teacher, cognitive activity, national-moving games, formation, educational process, methods, content.

Елімізді дамыған озық елдердің қатарына жеткізетін білім екені белгілі. Сондықтан бүгінгі күні білім берудің мақсаты – білім мазмұнын жаңарту және оқытудың формалары,